

1996 жылғы 12 сәуірдегі Преференциялардың жалпы жүйесі шеңберінде тарифтік преференциялар беру кезінде дамушы елдер тауарларының шығу тегін айқындау ережесі туралы келісімде көзделген Преференциялардың жалпы жүйесі шеңберінде тарифтік преференциялар беру кезінде дамушы елдер тауарларының шығу тегін айқындау ережесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттаманы бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 30 желтоқсандағы N 1440 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2002 жылғы 7 қазанда Кишинев қаласында жасалған 1996 жылғы 12 сәуірдегі Преференциялардың жалпы жүйесі шеңберінде тарифтік преференциялар беру кезінде дамушы елдер тауарларының шығу тегін айқындау ережесі туралы келісімде көзделген Преференциялардың жалпы жүйесі шеңберінде тарифтік преференциялар беру кезінде дамушы елдер тауарларының шығу тегін айқындау ережесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттама бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң*

міндетін атқарушы

**1996 жылғы 12 сәуірдегі Преференциялардың
жалпы жүйесі шеңберінде тарифтік преференциялар
беру кезінде дамушы елдер тауарларының шығу тегін
айқындау ережесі туралы келісімде көзделген
Преференциялардың жалпы жүйесі шеңберінде тарифтік
преференциялар беру кезінде дамушы елдер тауарларының
шығу тегін айқындау ережесіне өзгерістер мен
толықтырулар енгізу туралы
ХАТТАМА**

Осы Хаттамаға қатысушы мемлекеттердің Үкіметі **төмендегілер туралы келісті:**

1. Преференциялардың жалпы жүйелерінің шеңберінде тарифтік преференциялар берген кезде дамушы елдер тауарларының шығу тегін айқындау ережесі туралы 1996 жылғы 12 сәуірдегі Келісімде көзделген Преференцияларының жалпы жүйелерінің шеңберінде тарифтік преференциялар беру кезінде дамушы елдер тауарларының шығу тегін айқындау ережесінің 5-тармағында:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Тарифтік преференциялар таратылатын дамушы елдегі тауарлардың шығу тегінің

куәландыруда тауарды жылжытатын тұлға тауардың шығу тегі туралы Преференциялар жалпы жүйелерінің шеңберінде қабылданған "А" нысаны бойынша тауардың шығу тегі туралы декларация-сертификаттарын ресімдеуге қойылатын талаптарға сәйкес (қоса беріледі) толтырылатын "А" нысаны бойынша декларация-сертификат (бұдан әрі - сертификат) береді".

үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Сертификатты басылған түрде орыс немесе ағылшын тілінде кеден органы береді. Сертификат анықтамалық (тіркеу) нөмірін қолмен жазу түрінде елеусіз түзетуге және нұсқамаларға жол беріледі. Оларды енгізу тәртібі "А" нысаны бойынша тауардың шығу тегі туралы декларация-сертификаттарын ресімдеуге қойылатын талаптарда жазылған."

2. Осы Хаттама қол қойылған күнінен бастап уақытша қолданылады және оған қол қойылған мемлекеттер осы Хаттаманың күшіне енуіне қажетті мемлекеттік мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы үшінші хабарламаны депозитарийге сақтауға берген күннен бастап күшіне енеді.

2002 жылғы 7 қазанда Кишенев қаласында орыс тіліндегі бір түпнұсқада жасалды. Түпнұсқалық данасы оның куәландырылған көшірмесін осы Келісімге қол қойған әрбір мемлекетке жіберетін Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы Хатшылығында сақталады.

Әзірбайжан Республикасының	Молдова Республикасының
Үкіметі үшін	Үкіметі үшін
Армения Республикасының	Ресей Федерациясының
Үкіметі үшін	Үкіметі үшін
Белорусь Республикасының	Тәжікстан Республикасының
Үкіметі үшін	Үкіметі үшін
Грузия Үкіметі үшін	Түркіменстан Үкіметі үшін
Қазақстан Республикасының	Өзбекстан Республикасының
Үкіметі үшін	Үкіметі үшін
Қырғыз Республикасының	Украина Үкіметі үшін
Үкіметі үшін	

Преференциялардың жалпы жүйелерінің шеңберінде тарифтік преференциялар берген кезде дамушы елдер тауарларының шығу тегін айқындау ережесі туралы 1996 жылғы 12 сәуірдегі Келісімде көзделген

Преференциялардың жалпы жүйелерінің шеңберінде тарифтік преференциялар беру кезінде

дамушы елдер тауарларының шығу тегін айқындау ережесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттамаға қосымша

Тауардың шығу тегі туралы "А" нысаны бойынша декларация-сертификаттарды ресімдеуге қойылатын талаптар

Жалпы ережелер

Тауардың шығу тегі туралы "А" нысаны бойынша декларация-сертификаттың бланкісі (бұдан әрі - сертификат) типографикалық тәсілмен қорғаныштық торы бар немесе қорғаныштық түсті алаңы бар қағазда дайындалады (ағылшын және орыс тілдеріндегі сертификаттың үлгілері қоса беріледі).

Сертификатты толтыру жөніндегі ескертулер сертификат толтырылатын тілде қандай болса, сондай-ақ қандай да бір басқа тілде бланкінің сыртқы жағына типографикалық тәсілмен басылады не толық немесе жартылай болмауы да мүмкін.

Сертификат компьютердің баспа қондырғысының көмегімен немесе басу машинасында толтырылуы тиіс (төменде көрсетілген жекелеген түсініктемелерді қоспағанда).

Сертификатта қандайда бір тазартулар мен ластанулардың болуына жол берілмейді.

Сертификатқа енгізілетін түзетулер қате деректерді сызу және қажетті мәліметтерді басу жолымен жүргізілуі мүмкін. Әрбір мұндай түзету сертификат беруге уәкілетті құзыретті органның мөрімен куәландырылады.

Бір сертификатта бірнеше тауар туралы мәліметтер жазылуы мүмкін.

Сертификатта міндетті түрде анықтамалық (тіркеу) нөмірі қойылуы, сондай-ақ 1,5 (сертификатта бірнеше тауар көрсетілгенде), 7, 8, 9, 11, 12-бағандар толтырылуы тиіс.

5, 6, 7, 8, 9, 10-бағандардағы пайдаланылмаған орын оларға қандай да бір қосымша мәліметтер енгізуді болдырмау мақсатында сызылуы тиіс.

Сертификаттың оң жақ жоғарғы бұрышында орналасқан баған

Сертификаттың анықтамалық (тіркеу) нөмірі көрсетіледі. Сертификаттың анықтамалық (тіркеу) нөмірін қолмен жазуға болады. Сертификат берілген елдің атауы көрсетіледі.

1-баған

Тауардың экспортері (жеткізуші) болып табылатын тұлғаның (тауар сатушысының, оның ішінде тауар өндірушінің немесе өзге тұлғаның, егер оған тауарды жеткізуге құқық берілген болса) атауы мен мекен-жайы көрсетіледі.

2-баған

Тауарды алатын тұлғаның атауы мен мекен-жайы көрсетіледі. Сертификат беретін сәтте тауарды нақты алушы айқындалмаған жағдайда бағанда "to order" ("

пайдаланылуына қарай") немесе тауарды импорттайтын Преференциялардың жалпы жүйелерінің шеңберінде тарифтік преференциялар берген кезде дамушы елдер тауарларының шығу тегін айқындау ережесі туралы 1996 жылғы 12 сәуірдегі келісімге қатысушы мемлекеттің сертификат толтырылатын тілдегі атауы көрсетіледі.

Сонымен қатар тауарды нақты алушының атауы мен мекен-жайын "to order" ("пайдаланылуына қарай") деген жазудан немесе тауарды импорттайтын Преференциялардың жалпы жүйелерінің шеңберінде тарифтік преференциялар берген кезде дамушы елдер тауарларының шығу тегін айқындау ережесі туралы 1996 жылғы 12 сәуірдегі келісімге қатысушы мемлекеттің сертификат толтырылатын тілдегі атауынан кейін толықтырып басуға жол беріледі.

3-баған

Тауарларды және көлік құралдарын тасымалдау бағыты туралы мәліметтер (қаншалықты белгілі болса) көрсетіледі.

4-баған

Арнайы белгілеулер үшін пайдаланылады.

Бүлінген не жоғалтқан сертификатты ауыстырып берген жағдайда оның телнұсқасының 4-бағанына тауарды шығарушы елдің уәкілетті органы "duplicate" ("телнұсқа") деген белгі жасайды. Осы ретте сертификат телнұсқасының әрекет ету мерзімі сертификаттың түпнұсқасын берген күннен бастап есептеледі.

Егер де сертификат тауарды жөнелткеннен кейін берілген болса, онда бағанда "issued retrospectively" ("кейіннен берілді") деген белгі жасалады.

Тауарды шығарушы елдің уәкілетті органы қандай да бір себептермен бұрын берілген сертификаттың күшін жойғанда жаңадан берілген сертификаттың 4-бағанына күші жойылған сертификаттың нөмірі мен берілген күнін көрсете отырып "issued instead" ("ауыстырылып берілді") деген жазба енгізіледі.

Бағанды толтырмауға болады.

5-баған

Бір сертификатта бірнеше тауарлар туралы мәліметтер жазылған жағдайда әрбір тауардың алдында оның сертификаттағы реттік нөмірі көрсетіледі.

Бағанды толтырмауға болады.

6-баған

Жүк орындары мен таңбалау саны туралы деректер көрсетіледі. Егер де сертификатта бірнеше тауарлар туралы мәліметтер көрсетілетін болса, онда деректер аралықтарсыз жазылады немесе бұл аралықтар сызылады.

"no marks" ("таңбалаусыз") деп жазуға болады.

Бағанды толтырмауға болады.

7-баған

Тауардың коммерциялық атауы, оның моделі, маркасы, модификациясы, артикулы, тауарды кедендік ресімдеудің мақсаты үшін жазылғандармен дәлме дәл

сәйкестендіруге мүмкіндік беретін басқа деректері, сондай-ақ өлшеп орау, орамының түрі және тауар орнының саны көрсетіледі.

Егер тауарды сипаттауға бағандар жолында орын жетпесе сертификат берген құзыретті ұлттық органның мөрімен куәландырылуы тиіс (11-бағандағы бедер қосымша парақтағы мөрдің бедерімен сәйкес келуі тиіс), сертификаттың анықтамалық (тіркеу) нөмірін көрсете отырып, қосымша парақтар пайдалануға болады. Сертификаттың сыртқы бетіне тауар сипаттамасын толтыруға болмайды.

Осы бағанда келісім-шартқа ерекшелікке сілтеме болған жағдайда соңғы көшірме сертификат берген ұлттық құзыретті органның мөрімен куәландырылуы тиіс.

Егер сертификатта бірнеше тауарлар туралы мәліметтер көрсетілген болса, онда тауарлардың сипаттамасы олардың арасындағы арақашықтықсыз жүргізіледі немесе бұл арақашықтықтар сызылады.

8-баған

Тауардың шығу тегінің критерийлері көрсетіледі:

"P" - тауар толығымен экспорт елінде шығарылған.

"Y" (дайындаушы франко-зауыттың бағасының базасында айқындалатын экспортталатын тауардың құнындағы басқа елде шығарылған немесе тауарларды өндіруде пайдаланылған шығу тегі белгісіз шикізаттық материалдардың, жартылай фабрикаттардың немесе дайын бұйымдардың құнының пайыздық үлесін көрсете отырып, мысалы, "Y15%") - тауар өңдеуге немесе қайта өңдеуге тартылған;

"Pk" - Преференциялардың жалпы жүйелерінің шеңберінде тарифтік преференциялар берген кезде дамушы елдер тауарларының шығу тегін айқындау ережесі туралы 1996 жылғы 12 сәуірдегі келісімге қатысушы мемлекеттің тарифтік преференциалдық режимі таратылатын елдердің бірінде шығарылған және осындай басқа (бір немесе бірнеше) елде өңдеуге немесе қайта өңдеуге тартылған.

Тауардың шығу тегінің критерийлері сертификаттың 7-бағанында жазылған әрбір тауар үшін белгіленуі тиіс.

Егер сертификатта бір бөлігі Тауарларды сипаттау мен кодтаудың үйлесімдендірілген жүйесінің бір төрт белгілік тауар позицияларына топтастырылатын әртүрлі тауарлар жазылатын болса, онда 8-бағанға осы төрт белгілік позициялардың барлық тауарлары үшін шығу тегі критерийлерін бір әріптік белгімен көрсетуге болады

9-баған

Тауардың салмағы (брутто) немесе тауардың саны туралы өзге деректер көрсетіледі

10-баған

Фактура-шоттың (инвойса) немесе проформа-шоттың нөмірі мен күні көрсетіледі. Бағанда бір жалпы фактура-шот (инвойс) немесе сертификатта жазылған барлық тауарлар үшін проформа-шот және қажет болғанда кейбір жекелеген атаулы тауарлар

үшін бірнеше фактура-шоттар (инвойстар) немесе проформа-шоттар көрсетілуі мүмкін.

Егер сертификат берген сәтте фактура-шот немесе проформа-шот туралы сертификаттың 1-бағанында көрсетілген деректер белгісіз болса 10-бағанды толтырмауға болады.

11-баған

Бағанда сертификатты куәландыру күні мен орны, тауарлардың шығу тегін куәландыруға уәкілетті органның атауы мен мөрі туралы деректер, сондай-ақ сертификаттың дұрыстығын растауға уәкілетті көрсетілген орган лауазымды тұлғасының қолы болады.

Мөр анық бедерден тұруы тиіс, бұл оның түпнұсқалығын растау қажеттілігі туғанда сәйкестендіруге мүмкіндік береді.

Қол қою сертификаттың дұрыстығын растайтын қосымша ақпарат ретінде қаралады.

12-баған

Жоғарғы жолда тауарды шығарған елдің атауы көрсетіледі.

Ортаңғы жолда тауарды тағайындаған елдің атауы көрсетіледі.

Төменгі жолда сертификатты толтыру орны мен күні көрсетіледі. Сертификатта келтірілген мәліметтерге осы бағанда 1-бағанда көрсетілген экспортердің уәкілетті тұлғасы (жеткізушісі) қол қояды. Бағанда экспортер (жеткізуші) мөрінің болуына жол беріледі, бірақ ол міндетті талап емес.

1. Экспортер (экспортердің атауы, мекен-жайы, елі)	PREФЕРЕНЦИЯНЫҢ ЖАЛПЫ ЖҮЙЕСІ	N			
	ТАУАРДЫҢ ШЫҒУ ЕЛІ ТУРАЛЫ СЕРТИФИКАТ (Декларация-сертификат)				
2. Алушы (импортердің атауы, мекен-жайы, елі)	А нысаны берілді (е л г е)				
	Сыртындағы түсініктемені қараңыз				
3. Көлік құралы және жүру бағыты (қаншалықты белгілі)		4. Ресми белгілер үшін			
5. N	6. Мағына-лары және	7. Орамдардың нөмірлері мен	8. Шығу тегінің	9. Брутто-дағы салма-	10. Шоттың нөмірі

орамдардың	түрлері,	критерий-ға немесе	мен күні
саны	тауардың	лері	тауардың
	сипаттамасы	(сыртын-	саны
		дағы	туралы
		түсінік-	басқа
		темені	деректер
		қараңыз)	

11. Куәлік

Осы құжатпен өтініш берушінің декларациясы нақтылыққа сәйкес келетін куәландырылады

12. Экспортердің декларациясы

Төменде қол қойғандар жоғарыда көрсетілген барлық мәліметтер нақтылыққа сәйкес келетінін, барлық тауарлар жасалғанын (е л)

және олар экспортталатын (импортталатын ел)

.....

.....

мөр орны, күні, қолы

мөр орны, күні, қолы